

«Qarmet Recycling» ЖШС-нің «Жоспарланған қызмет мыналарды қамтиды көлік құралдарын кәдеге жарату және алынған материалдарды қайта өңдеу, атап айтқанда металдарды қайта балқыту арқылы болат, алюминий және түсті металдар қорытпаларын алу, пайдаланылған майларды пеш отыны мен газға қайта өңдеу, көмірсутекті қалдықтарды (пайдаланылған автокөлік шиналарын) пеш отыны мен газға дейін кәдеге жарату» туралы көзделіп отырған қызмет туралы өтініш бойынша ұсыныстар мен ескертулердің жиынтық кестесі / Сводная таблица предложений и замечаний по Заявлению о намечаемой деятельности по объекту «Намечаемая деятельность включает в себя утилизация транспортных средств с переработкой полученного материала, а именно, переплавка металла и получение стали, алюминия, сплавов цветных металлов, переработка отработанного масла в печное топливо и газ, утилизация углеводородсодержащих отходов (отработанных шин) в печное топливо и газ» от ТОО «Qarmet Recycling»

Жиынтық кесте жасалған күні/Дата составления сводной таблицы: **23.07.2026 ж. / 23.07.2026 г.**

Жиынтық кесте жасалған орны/Место составления сводной таблицы: **Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Бұқар-Жырау даңғылы 47, Қарағанды облысы бойынша экология департаменті / Карагандинская область, г. Караганда, проспект Бухар-Жырау 47, Департамент экологии по Карагандинской области**

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы/Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: **Қарағанды облысы бойынша экология департаменті / Департамент экологии по Карагандинской области**

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы хабарлама күні/Дата извещения о сборе замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: **24.06.2026 ж. / 24.06.2026 г.**

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын ұсыну мерзімі/Срок предоставления замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: **24.06.2026-16.07.2026 жж. / 24.06.2026-16.07.2026 гг.**

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулер мен ұсыныстары/Замечания и предложения заинтересованных государственных органов:

№	Мүдделі мемлекеттік орган / Заинтересованный государственный орган	Ескертулер немесе ұсыныстар / Замечания или предложения	Ескертудің немесе ұсыныстың қандай жолмен ескерілгені туралы мәлімет, немесе ескертудің не ұсыныстың ескерілмеу себептері / Сведения о том, каким образом замечание или предложени е было учтено, или причины, по которым замечание или предложени е не было учтено
1.	«Қарағанды облысының Бұқар-Жырау әкімінің аппараты» ММ ГУ «Аппарат акима Бухар-Жырауского района Карагандинской области»	Ұсынылмаған. Не представлено.	
2.	«Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі Нұра-Сарысу бассейндік су инспекциясы»	Сіздің 24.06.2026 жылғы №-2/932-И шығыс хатыңызға «Шығарылатын көлік құралдарынан, арнайы техникадан және ауыл шаруашылығы машиналарынан алынған қалдықтар мен сынықтардан шойын, болат, алюминий, түсті металдар қорытпаларын өндіру зауыты, көмірсутектер және олардың	

	PMM	туындыларын өндіру» объектісі бойынша «Qarmet Recycling» ЖШС жоспарланған қызметі туралы өтініш көшірмесін қарау мәселесіне қатысты сұрауыңызға Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын пайдалану және қорғауды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша «Нұра-Сарысу бассейндік су инспекциясы» РММ (бұдан әрі – Инспекция) төмендегіні хабарлайды: Қазақстан Республикасының Су кодексінің 24-бабына сәйкес, Инспекция құрылыс қызметіне, орман өсіруге, жер қойнауын пайдалану операцияларына, ұңғымаларды бұрғылауға, жер үсті су объектілерін санациялауға, су объектілерінің балық шаруашылығы мелиорациясына, ауыл шаруашылығы және басқа да жұмыстарға, су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде жүргізілетін жұмыстарды келіседі. Ұсынылған материалдарға сәйкес, қарастырылып отырған учаскелер Көкпекті өзені ағынының маңында орналасқан. Қазіргі уақытта аталған су объектісі бойынша су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленбеген. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 44-бабының 8-тармағына сәйкес, су объектісінің жағалау сызығынан бес жүз метр шегінде орналасқан жер учаскелерін беру, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік орман қоры жерлерін, сондай-ақ балық шаруашылығы мен акваөсіруді орналастыру және қызмет көрсетуге арналған жерлерді қоспағанда, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекаралары анықталғаннан кейін, сондай-ақ оларды шаруашылық мақсатта пайдалану режимі белгіленгеннен кейін жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Су кодексінің 86-бабына сәйкес, су қорғау белдеулері шегінде кез келген шаруашылық қызметке, сондай-ақ шаруашылық қызметті жүргізу үшін жер учаскелерін беруге тыйым салынады.	
--	-------------------	--	--

	Жоғарыда айтылғандардың негізінде, қарастырылып отырған учаскеде жұмыстарды жүргізуді Инспекциямен келісу тек Көкпекті өзені ағынындағы су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленіп, бекітілгеннен кейін, сондай-ақ қарастырылып отырған учаске шекаралары Қазақстан Республикасының су заңнамасы талаптарына сәйкестендірілгеннен кейін ғана мүмкін болады. Қосымша хабарлаймыз, жер үсті немесе жер асты су объектілерінен су алу, сондай-ақ ағынды суларды төгу жүзеге асырылған жағдайда, Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес арнайы су пайдалануға рұқсат рәсімдеу қажет.	
РГУ «Нура-Сарысуская бассейновая водная инспекция по охране и регулированию использования водных ресурсов»	На Ваш запрос исх.№ -2/932-И от 24.06.2026г. касательно рассмотрения Копии заявления о намечаемой деятельности ТОО «Qarmet Recycling» по объекту: «Завод по производству чугуна, стали, алюминия, сплавов цветных металлов из отходов лома, вышедших из эксплуатации транспортных средств, спецтехники и сельхозмашин, производство углеводородов и их производных», РГУ «Нура-Сарысуская бассейновая водная инспекция по охране и регулированию использования водных ресурсов КРОИВР МВРИ РК» (далее - Инспекция) сообщает: В соответствии со ст.24 Водного кодекса РК Инспекция согласовывает работы, связанные со строительной деятельностью, лесоразведением, операциями по недропользованию, бурением скважин, санацией поверхностных водных объектов, рыбохозяйственной мелиорацией водных объектов, сельскохозяйственными и иными работами на водных объектах, в водоохраных зонах и полосах. Согласно представленных материалов, рассматриваемые участки расположены в районе притока реки Кокпекты. На сегодняшний день на данный водный объект водоохранные зоны и полосы не	

		установлены. Согласно п.8 ст.44 Земельного кодекса РК Предоставление земельных участков, расположенных в пределах пятисот метров от береговой линии водного объекта, осуществляется после определения границ водоохранных зон и полос, а также установления режима их хозяйственного использования, за исключением земель особо охраняемых природных территорий и государственного лесного фонда, земель для размещения и обслуживания рыбного хозяйства и аквакультуры. В соответствии со ст.86 Водного кодекса РК в пределах водоохранных полос запрещается любая хозяйственная деятельность, а также предоставление земельных участков для ведения хозяйственной деятельности. На основании вышеизложенного, согласование производства работ с Инспекцией на рассматриваемом участке, возможно только после установления и утверждения водоохранных зон и полос на приток р. Кокпекты, а также после приведения границ рассматриваемого участка в соответствие требованиям Водного законодательства РК. Дополнительно сообщаем, в случае забора воды из поверхностных или подземных водных объектов, а также осуществления сброса сточных вод, необходимо оформить разрешение на специальное водопользование в соответствии с Водным кодексом РК.	
3.	«Қарағанды облысы Бұқар-Жырау аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ	Ұсынылмаған.	
	РГУ «Бухар-Жырауское районное управление санитарно-	Не представлено.	

	эпидемиологическо го контроля Карагандинской области»		
4.	«Қарағанды облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ	Қарағанды облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы (бұдан әрі – Инспекция) «Qarmet Recycling» ЖШС 23.06.2026 ж. № KZ41RYS01792872 өтінішін қарастырып, келесіні хабарлайды. «Қазақ орман орналастыру кәсіпорны» РМҚК берген ақпаратқа сәйкес, көрсетілген географиялық координаттық нүктелері Қарағанды облысында және ерекше қорғалатын табиғи аумақ пен мемлекеттік орман қоры аумағынан тыс жерде орналасқан деп хабарлайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысымен бекітілген Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) енгізілген өсімдіктер түрлері, сондай-ақ жануарлар түрлерінің бар болуы туралы ақпараты Инспекцияда жоқ. Сонымен бірге, сұралған аумақта тізбеге кіретін өсімдіктер мен жануарлардың болуын анықтау үшін ғылыми ұйымдарға: өсімдіктер бойынша «Ботаника және фитоиндустрия институты» ШЖҚ РМҚ, жануарлар дүниесі бойынша – «Зоология институты» ШЖҚ РМҚ және «Қазақстандық биәртүрлілікті сақтау қауымдастығы» РБҚ жүгінуді ұсынамыз. Сонымен қатар, бұл аумақ киіктің Бетпақдала популяциясының көші-қон жолдарына да, Қазақстан арқарының мекендейтін жерлеріне жатпайды. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 1-бабының 15-тармағына сәйкес сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар мен өсімдіктердің түрлері мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері болып табылады.	

		Заңның 78-бабының 2-тармағына сәйкес жеке және заңды тұлғалар сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 1-тармағына сәйкес жануарлар дүниесінің жай-күйіне, мекендейтін ортасына, көбею жағдайларына және жануарлардың өріс аудару жолдарына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін болатын қызмет жануарлар дүниесінің, олар мекендейтін ортаның сақталуы мен өсімін молайтуды және келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеуді қамтамасыз етудің талаптары, оның ішінде экологиялық талаптар сақтала отырып жүзеге асырылуға тиіс. Сондай-ақ, Заңның 17-бабына сәйкес елді мекендерді, кәсіпорындарды, құрылыстар мен басқа да объектілерді орналастыру, жобалау және салу, өндірістік процестерді жүзеге асыру мен көлік құралдарын пайдалану, қолданыстағы технологиялық процестерді жетілдіру және олардың жаңаларын енгізу, пайдаланылмаған, жағалау маңындағы, батпақты, бұта басқан аумақтарды шаруашылық айналымына енгізу, жерді мелиорациялау, орман ресурстарын және су объектілерін пайдалану, геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу, пайдалы қазбаларды өндіру, ауыл шаруашылығы жануарлары жайылатын және оларды айдап өтетін жерлерді белгілеу, туристік маршруттар әзірлеу мен халықтың жаппай демалатын орындарын ұйымдастыру кезінде жануарлар дүниесі объектілері мекендейтін ортаны және олардың көбею жағдайларын, жануарлардың өріс аудару жолдары мен шоғырланған жерлерін сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделуге және жүзеге асырылуға, сондай-ақ жабайы жануарлар мекендейтін орта ретінде ерекше құнды	
--	--	--	--

болып табылатын учаскелерге ешкімнің қол сұқпауы қамтамасыз етілуге тиіс.

Темір жол, тас жол, құбыр тарту және басқа көлік магистральдарын, электр беру және байланыс желілерін, арналарды, бөгеттерді және өзге де су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану, орналастыру, жобалау және салу кезінде жануарлар мекендейтін ортаны, олардың көбею жағдайларын, өріс аудару жолдары мен шоғырланған жерлерін сақтауды қамтамасыз ететін іс-шаралар әзірленіп, жүзеге асырылуға тиіс.

Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын, сондай - ақ пайдалануға тыйым салынған өсімдіктер мен жануарларды, олардың бөліктерін немесе дериваттарын заңсыз аулау, иемденіп алу, сақтау, өткізу, әкелу, әкету, жөнелту, тасымалдау немесе жою, сол сияқты олар мекендейтін жерлерді жою - Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 339 және 339-1-баптарында көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Өсімдіктер дүниесі туралы» Заңының 45-бабына сәйкес, жер қойнауын пайдалану, ғимараттар мен құрылыстарды, жолдарды, құбырларды және өзге де объектілерді салу (қайта жаңғырту) мақсаттары үшін басқа санаттарға ауыстырылатын барлық санаттағы жер учаскелерінде жабайы өсетін өсімдіктер жойылған (қайтарымсыз жоғалған) жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою кезінде, тиісті объектілер бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алған жобалау құжаттамасына сәйкес, жеке және заңды тұлғалар өсімдіктер дүниесіне келтірілген залалды өтеуге міндетті.

Өсімдіктер дүниесіне келтірілген залалды

		өтеу нормативтері Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 23 ақпандағы № 60 бұйрығымен бекітілген. Өсімдіктер дүниесіне келтірілген залал жер учаскесіне құқық беру туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай мерзімде өтелуге жатады. Осыған байланысты, қоршаған ортаға әсерді бағалау құжатында өсімдіктер дүниесіне келтірілген шығындардың өтемақы мөлшерін міндетті түрде көрсету қажет.	
	РГУ «Карагандинская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира»	Карагандинская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира (далее - Инспекция), рассмотрев заявление о намечаемой деятельности ТОО «Qarmet Recycling» от 23.06.2026 г., № KZ41RYS01792872 сообщает следующее. Согласно информации, предоставленной РГКП «Казахское лесоустроительное предприятие» указанный участок расположен в Карагандинской области и находятся за пределами земель государственного лесного фонда и особо охраняемых природных территорий. Информацией о наличии на запрашиваемой территории видов растений и животных, занесённых в Перечень редких и находящихся под угрозой исчезновения видов растений и животных, утверждённый постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 октября 2006 г. № 1034 (далее — Перечень), Инспекция не располагает. В то же время, для определения наличия на запрашиваемой территории растений и животных, входящих в Перечень, рекомендуем обратиться в научные организации: по растениям — в РГП на ПХВ «Институт ботаники и фитоиндустрии», по животному миру — в РГП на ПХВ «Институт зоологии» и в РОО «Казахстанская ассоциация сохранения	

биоразнообразия».

Между тем, данные территории не относятся к путям миграции Бетпакдалинской популяции сайги, и к местам обитания Казахстанского горного барана (архар).

Согласно пункту 15 статьи 1 Закона Республики Казахстан «Об особо охраняемых природных территориях» (далее – Закон об ООПТ) редкие и находящиеся под угрозой исчезновения виды животных и растений, являются объектами государственного природно-заповедного фонда.

Согласно пункту 2 статьи 78 Закона об ООПТ физические и юридические лица обязаны принимать меры по охране редких и находящихся под угрозой исчезновения видов растений и животных.

В соответствии с пунктом 1 статьи 12 Закона Республики Казахстан «Об охране, воспроизводстве и использовании животного мира» (далее – Закон), деятельность, которая влияет или может повлиять на состояние животного мира, среду обитания, условия размножения и пути миграции животных, должна осуществляться с соблюдением требований, в том числе экологических, обеспечивающих сохранность и воспроизводство животного мира, среды его обитания и компенсацию наносимого и нанесенного вреда, в том числе и неизбежного.

Также, согласно статье 17 Закона, при размещении, проектировании и строительстве населенных пунктов, предприятий, сооружений и других объектов, осуществлении производственных процессов и эксплуатации транспортных средств, совершенствовании существующих и внедрении новых технологических процессов, введении в хозяйственный оборот неиспользуемых, прибрежных, заболоченных, занятых кустарниками территорий, мелиорации земель,

		пользовании лесными ресурсами и водными объектами, проведении геолого-разведочных работ, добыче полезных ископаемых, определении мест выпаса и прогона сельскохозяйственных животных, разработке туристских маршрутов и организации мест массового отдыха населения должны предусматриваться и осуществляться мероприятия по сохранению среды обитания и условий размножения объектов животного мира, путей миграции и мест концентрации животных, а также обеспечиваться неприкосновенность участков, представляющих особую ценность в качестве среды обитания диких животных. При эксплуатации, размещении, проектировании и строительстве железнодорожных, шоссейных, трубопроводных и других транспортных магистралей, линий электропередачи и связи, каналов, плотин и иных водохозяйственных сооружений должны разрабатываться и осуществляться мероприятия, обеспечивающие сохранение среды обитания, условий размножения, путей миграции и мест концентрации животных. Незаконное добывание, приобретение, хранение, сбыт, ввоз, вывоз, пересылка, перевозка или уничтожение редких и находящихся под угрозой исчезновения видов растений и животных, их частей или дериватов, а также растений и животных, на которых введен запрет на пользование, их частей или дериватов, а равно уничтожение мест их обитания - влечет ответственность, предусмотренную статьями 339 и 339-1 Уголовного кодекса Республики Казахстан. Кроме того, согласно статье 45 Закона Республики Казахстан «О растительном мире», в случаях удаления дикорастущих растений (безвозвратной утраты) на земельных участках всех категорий земель, переводимых в другие категории для целей недропользования, строительства (реконструкции) зданий, сооружений, дорог,	
--	--	---	--

		трубопроводов и иных объектов в соответствии с проектной документацией на такие объекты, получившей положительное заключение государственной экологической экспертизы, а также принудительного отчуждения земельного участка для государственных нужд, физические и юридические лица обязаны возместить потери растительного мира. Нормативы возмещения потерь растительного мира утверждены приказом Министра экологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 23 февраля 2023 года №60. Потери растительного мира подлежит возмещению в шестимесячный срок с момента принятия решения о предоставлении права на земельный участок. В этой связи, в оценке воздействия на окружающую среду (ОВОС) необходимо указать размеры возмещения потерь растительного мира.	
5.	«Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы» КММ	Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты «Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы» КММ атына келіп түскен Сіздің өтінішіңізді қарап, төмендегіні хабарлаймыз: Сіз көрсеткен аумақта (Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Доскей ауылы, есептік квартал 028, «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы, №1779 учаске – 1 га, №1724 учаске – 3 га, №1818 учаске – 3 га) тіркелген тарихи-мәдени маңызы бар ескерткіштер жоқ. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» №288-VI ҚРЗ Заңына сәйкес, жұмыстарды жүргізу барысында мұқият және сақтық таныту қажет. Егер тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге де мәдени құндылығы бар объектілер анықталған жағдайда, жеке және заңды тұлғалар жұмыстарды одан әрі жүргізуді тоқтатып, табылған нысандар туралы үш	

		жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органға хабарлауға міндетті.	
	КГП «Центр по сохранению историко-культурного наследия Карагандинской области»	Рассмотрев Ваше обращение, поступившее на имя КГУ «Центр по сохранению историко-культурного наследия» управление культуры, архивов и документации Карагандинской области, сообщаем следующее: На указанной Вами территории (Специальная Экономическая зона «Сары-Арка», участок 1779-1 га, участок 1724-3 га, 1818-3 га, по адресу Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, с. Доскей, учетный квартал 028) зарегистрированных памятников историко-культурного значения не имеются. В соответствии Законом РК от 26.12.2019г. «Об охране и использовании объектов историко-культурного наследия» № 288-VI ЗРК при проведении работ необходимо проявлять бдительность и осторожность, в случае обнаружения объектов, имеющих историческую, научную, художественную и иную культурную ценность, физическим и юридическим лицам необходимо приостановить дальнейшее ведение работ и в течение трех рабочих дней сообщить о находках в местный исполнительный орган.	
6.	«Қарағанды облысының ветеринария басқармасы» ММ	Ветеринария басқармасы, «Qarmet Recycling» ЖШС келіп түскен өтінішіндегі көрсетілген координаттарды өз құзыреті шегінде қарап, 1000 метр қашықтықта мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар) жоқ екендігін жеткізеді.	
	ГУ «Управление ветеринарии Карагандинской области»	Управление ветеринарии, рассмотрев в пределах своей компетенции координаты, указанные в поступившем обращении ТОО «Qarmet Recycling», сообщает, что в радиусе 1000 метров скотомогильники (биотермические ямы) отсутствуют.	
7.	«Қарағанды облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу	Ұсынылмаған.	

	басқармасы» ММ		
	ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области»	Не представлено.	
8.	«Қарағанды облысы бойынша экология департаменті» РММ	№1. Кодекстің 331-бабының талаптарын сақтау қажет, қалдықтарды түзушінің жауапкершілік қағидаты, қалдықтарды түзуші болып табылатын кәсіпкерлік субъектілері осындай қалдықтарды түзілген сәттен бастап Кодекстің 339-бабының 3-тармағына сәйкес лицензия негізінде қалдықтарды қалпына келтіру немесе жою операцияларын жүзеге асыратын тұлғаның иелігіне берген сәтке дейін тиісінше басқаруды қамтамасыз ету үшін жауапты болады. №2. Қауіпті қалдықтарды беру кезінде Кодекстің 336-бабының талаптарын сақтау қажет: қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою бойынша жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) үшін кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңының талаптарына сәйкес қызметтің тиісті кіші түрі бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензия алуға міндетті. №3. Кодекстің 320-бабының талаптарын сақтау қажет, қалдықтарды жинақтау: Қалдықтарды жинақтау деп қалдықтарды түзілу процесінде немесе оларды түпкілікті қалпына келтіру немесе жою сәтіне дейін одан әрі басқару барысында осы баптың 2-	

		тармағында көрсетілген мерзімдер ішінде арнайы белгіленген орындарда қалдықтарды уақытша сақтау түсініледі. Қалдықтарды жинақтау орындары мыналарға арналған: қалдықтарды түзілген жерде оларды жинауға (мамандандырылған ұйымдарға беруге) немесе қалпына келтіру немесе жою операциялары жүргізілетін объектіге өздігінен әкетуге дейінгі алты айдан аспайтын мерзімге уақытша сақтауға; қауіпті емес қалдықтарды жинау процесінде (контейнерлерде, қайта тиеу және сұрыптау станцияларында) оларды қалпына келтіру немесе жою операциялары жүргізілетін объектіге әкеткенге дейін үш айдан аспайтын мерзімге уақытша сақтауға, пайдаланудан шыққан көлік құралдары және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда; қалдықтарды жою немесе қалпына келтіру операциялары жүргізілетін объектіде оларды қалпына келтіруге немесе жоюға жібергенге дейін алты айдан аспайтын мерзімге уақытша сақтауға. Пайдаланудан шыққан көлік құралдары және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы үшін оларды жинау процесінде уақытша сақтау мерзімі алты айдан аспауға тиіс; тау-кен өндіру және тау-кен өңдеу өндірістерінің, оның ішінде металлургиялық және химия-металлургиялық өндірістердің қалдықтарын түзілген жерде қалпына келтіруге немесе жоюға жібергенге дейін он екі айдан аспайтын мерзімге уақытша сақтауға. Қалдықтарды жинақтауға Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына	
--	--	--	--

	сәйкес арнайы белгіленген және жабдықталған орындарда (аландарда, қоймаларда, сақтау орындарында, контейнерлерде және басқа да сақтау объектілерінде) ғана рұқсат етіледі. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзімдерден асырып және (немесе) қалдықтарды жинақтаудың белгіленген лимиттерінен (I және II санаттағы объектілер үшін) немесе қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияда көрсетілген қалдықтарды жинақтау көлемдерінен (III санаттағы объектілер үшін) асырып қалдықтарды жинақтауға тыйым салынады. №4. Кодекстің 337-бабына сәйкес, қалдықтарды жинау, сұрыптау және (немесе) тасымалдау, қауіпті емес қалдықтарды қалпына келтіру және (немесе) жою бойынша кәсіпкерлік қызметті жоспарлайтын немесе жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңында белгіленген тәртіппен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарлама беруге міндетті. №5. Кодекстің 321-бабының талаптарын ескеру қажет: Қалдықтарды жинау деп қалдықтарды одан әрі қалпына келтіруге немесе жоюға жіберу мақсатында мамандандырылған ұйымдардың жеке және заңды тұлғалардан қалдықтарды ұйымдастырылған түрде қабылдау жөніндегі қызметі түсініледі. Қалдықтарды жинау жөніндегі операциялар жинау процесінде қалдықтарды сұрыптау және жинақтау бойынша қосалқы операцияларды қамтуы мүмкін. Жинау процесінде қалдықтарды жинақтау	
--	--	--

деп түзілген жерінен шығарылған қалдықтар одан әрі тасымалдауға дайындау мақсатында түсірілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес арнайы жабдықталған орындарда қалдықтарды сақтау түсініледі.

Қалдықтарды жинау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын тұлғалар осы Кодекстің талаптарына сәйкес қалдықтарды бөлек жинауды қамтамасыз етуге міндетті.

Қалдықтарды бөлек жинау деп оларды одан әрі мамандандырылған басқаруды жеңілдету мақсатында қалдықтарды түрлері немесе топтары бойынша бөлек жинау түсініледі.

Міндетті түрде бөлек жиналуға жататын қалдықтардың түрлері немесе топтарын (түрлер жиынтығын), сондай-ақ бөлек жинауға қойылатын талаптарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің талаптарына және техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығын ескере отырып айқындайды.

Бөлек жинау келесі фракциялар бойынша жүзеге асырылады:

«күрғақ» (қағаз, картон, металл, пластик және шыны);

«ылғалды» (тамақ қалдықтары, органика және басқа да қалдықтар).

Бөлек жиналған қалдықтарды қалдықтарды басқарудың барлық кейінгі кезеңдерінде араластыруға тыйым салынады.

№6. Қарастырылып отырған жер учаскесінің жақын маңдағы су объектілеріне қатысты орналасуын көрсететін тиісті масштабтағы ахуалдық сызбаны ұсыну қажет.

Сондай-ақ санитариялық-қорғау аймағының

	шекаралары, жақын орналасқан елді мекен аумақтары және оларға дейінгі қашықтықтар көрсетілген кен орнының орналасу карта-схемасын ұсыну қажет. №7.«Нұра-Сарысу бассейндік су инспекциясымен су ресурстарын пайдалануын реттеу және қорғау» РММ-мен келісу қажет. №8. Кодекстің 377-бабының медициналық қалдықтарды басқару саласындағы экологиялық талаптарын ескеру қажет: Медициналық қалдықтар – медициналық қызмет көрсету және медициналық манипуляциялар жүргізу процесінде түзілетін қалдықтар. Медициналық қалдықтармен жұмыс істеу тәртібі денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен айқындалады. Медициналық қалдықтарды термиялық және (немесе) химиялық процестерді қолдану арқылы өңдеу және жою осы Кодекстің талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылуы тиіс. №9. Жобаны Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 30 шілдедегі №280 бұйрығымен бекітілген «Экологиялық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес әзірлеу қажет. №10. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 327-1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген міндетті анық емес мәліметтерді ұсыну әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады.	
РГУ «Департамент экологии по Карагандинской области»	В отчете о возможных воздействиях преду-смотреть: №1. Соблюдать требования ст.331 Кодекса, принцип ответственности образователя отхо-	

дов, субъекты предпринимательства, являющиеся образователями отходов, несут ответственность за обеспечение надлежащего управления такими отходами с момента их образования до момента передачи в соответствии с пунктом 3 статьи 339 настоящего Кодекса во владение лица, осуществляющего операции по восстановлению или удалению отходов на основании лицензии.

№2. При передаче опасных отходов необходимо соблюдать требования ст.336 Кодекса: субъекты предпринимательства для выполнения работ (оказания услуг) по переработке, обезвреживанию, утилизации и (или) уничтожению опасных отходов обязаны получить лицензию на выполнение работ и оказание услуг в области охраны окружающей среды по соответствующему подвиду деятельности согласно требованиям Закона Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях».

№3. Соблюдать требования ст.320 Кодекса, накопление отходов:

1. Под накоплением отходов понимается временное складирование отходов в специально установленных местах в течение сроков, указанных в пункте 2 настоящей статьи, осуществляемое в процессе образования отходов или дальнейшего управления ими до момента их окончательного восстановления или удаления.

2. Места накопления отходов предназначены для:

1) временного складирования отходов на месте образования на срок не более шести месяцев до даты их сбора (передачи специализированным организациям) или самостоятельного вывоза на объект, где данные отходы будут подвергнуты операциям по восста-

		новлению или удалению; 2) временного складирования неопасных отходов в процессе их сбора (в контейнерах, на перевалочных и сортировочных станциях), за исключением вышедших из эксплуатации транспортных средств и (или) самоходной сельскохозяйственной техники, на срок не более трех месяцев до даты их вывоза на объект, где данные отходы будут подвергнуты операциям по восстановлению или удалению; 3) временного складирования отходов на объекте, где данные отходы будут подвергнуты операциям по удалению или восстановлению, на срок не более шести месяцев до направления их на восстановление или удаление. Для вышедших из эксплуатации транспортных средств и (или) самоходной сельскохозяйственной техники срок временного складирования в процессе их сбора не должен превышать шесть месяцев; 4) временного складирования отходов горнодобывающих и горноперерабатывающих производств, в том числе отходов металлургического и химико-металлургического производств, на месте их образования на срок не более двенадцати месяцев до даты их направления на восстановление или удаление. 3. Накопление отходов разрешается только в специально установленных и оборудованных в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан местах (на площадках, в складах, хранилищах, контейнерах и иных объектах хранения). 4. Запрещается накопление отходов с превышением сроков, указанных в пункте 2 настоящей статьи, и (или) с превышением уста-	
--	--	--	--

	новленных лимитов накопления отходов (для объектов I и II категорий) или объемов накопления отходов, указанных в декларации о воздействии на окружающую среду (для объектов III категории). №4. Согласно статье 337 Кодекса, субъекты предпринимательства, планирующие или осуществляющие предпринимательскую деятельность по сбору, сортировке и (или) транспортировке отходов, восстановлению и (или) уничтожению неопасных отходов, обязаны подать уведомление о начале или прекращении деятельности в уполномоченный орган в области охраны окружающей среды в порядке, установленном Законом Республики Казахстан "О разрешениях и уведомлениях". №5. Учесть требования статьи 321 Кодекса, 1. Под сбором отходов понимается деятельность по организованному приему отходов от физических и юридических лиц специализированными организациями в целях дальнейшего направления таких отходов на восстановление или удаление. Операции по сбору отходов могут включать в себя вспомогательные операции по сортировке и накоплению отходов в процессе их сбора. Под накоплением отходов в процессе сбора понимается хранение отходов в специально оборудованных в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан местах, в которых отходы, вывезенные с места их образования, выгружаются в целях их подготовки к дальнейшей транспортировке на объект, где данные отходы будут подвергнуты операциям по восстановлению или удалению. 2. Лица, осуществляющие операции по сбору отходов, обязаны обеспечить отдельный	
--	--	--

	сбор отходов в соответствии с требованиями настоящего Кодекса. Под отдельным сбором отходов понимается сбор отходов раздельно по видам или группам в целях упрощения дальнейшего специализированного управления ими. 3. Требования к раздельному сбору отходов, в том числе к видам или группам (совокупности видов) отходов, подлежащих обязательному раздельному сбору, определяются уполномоченным органом в области охраны окружающей среды в соответствии с требованиями настоящего Кодекса и с учетом технической, экономической и экологической целесообразности. 4. Раздельный сбор осуществляется по следующим фракциям: 1) "сухая" (бумага, картон, металл, пластик и стекло); 2) "мокрая" (пищевые отходы, органика и иное). 5. Запрещается смешивание отходов, подвергнутых раздельному сбору, на всех дальнейших этапах управления отходами. №6. Необходимо представить ситуационную схему в соответствующем масштабе с отображением расположения рассматриваемого земельного участка относительно ближайших водных объектов. Также необходимо представить карту-схему расположения месторождения с указанием границ санитарно-защитной зоны, ближайших селитебных территорий и расстояний до них. №7. Согласовать с РГУ «Нура-Сарысуская бассейновая инспекция по регулированию использования и охране водных ресурсов». №8. Учесть требования статьи 377 Экологические требования в области управления ме-	
--	---	--

		дицинскими отходами 1. Медицинские отходы – отходы, образующиеся в процессе оказания медицинских услуг и проведения медицинских манипуляций. 2. Порядок обращения с медицинскими отходами определяется уполномоченным органом в области здравоохранения. 3. Обработка и удаление медицинских отходов с применением термических и (или) химических процессов должны осуществляться с соблюдением требований настоящего Кодекса. №9. Проект необходимо разработать в соответствие с Приказом Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 30 июля 2021 года №280 «Об утверждении Инструкции по организации и проведению экологической оценки». №10. В соответствии со статьей 327-1 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» представление недостоверных обязательных сведений, предусмотренных экологическим законодательством Республики Казахстан, влечет административную ответственность.	
9.	Қоғам	Ұсынылмаған.	
	Общественность	Не представлено.	